

Бекітемін:
Мектеп директорының м.а.
Бегарстанова Б.К.



"Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Ключи ауданының негізгі орта мектебі" КММ-сі бойынша

2023-2024 оқу жылына арналған

әдістемелік кеңес отырысының жұмыс жоспары

Мақсаты : Оқытудың әдістемесі мен мазмұнындағы керек мәселелерді қарастыру;

Оқу үрдісінің сапасы мен тиімділігін арттыру;

Оқу пәндерін оқытудағы әдістемесін жетілдірудегі ұсыныстарын жасау;

Педагогикалық озық тәжірибемен алмасуды тарату.

I отырыс

№	Мазмұны	мерзімі	жауаптылар
1	Өткен оқу жылының әдістемелік жұмысының қорытындысы	қыркүйек	Муралин М.К.
2	Жаңа оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту		
3	2023-2024 оқу жылына арналған Ө-нұсқау хатпен мұғалімдерді таныстыру		
4	Қатаң есептерді құжаттармен жұмыс жасау нұсқаулығын беру (сынып журналдары, табель, актіленген күндер) Б№130, (№472, 16.09.2021ж. өзгерістер)		
5	Пән онкүндіктерінің, педоқулардың кестелерімен таныстыру		
6	2023-2024 оқу жылында курстарға баратын мұғалімдерді таныстыру		
7	Педагог қызметкерлер аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарты жалпы ережелермен таныстыру, аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің жоспарларын қарау		ӘБ жетекшілері

II отырыс

1	Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы	қараша	Ержанова БК
2	Аудандық пән олимпиадасына баратын оқушыларды дайындығы		ӘБ жетекшілері
3	Әдістемелік және пән апталықтарын өткізе отырып, жаңа технологияларды қолдану бағытындағы озат педагогикалық тәжірибені тарату		Муралин М.К.
4	Бастапқы бақылау жұмысының қорытындысы		Муралин М.К.
5	Тіл мерекесін өткізу қорытындысы		ӘБ жетекшісі Жанқулова Ж.Т.
6	Қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің онкүндік қорытындысы		ӘБ жетекшісі Жанқулова Ж.Т.

III отырыс

1	Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жетілдіру	қаңтар	Пән мұғалімдері
2	Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша қорытындысы		ӘБ жетекшілері
3	Гуманитарлық пәндер онкүндік қорытындысы		ӘБ жетекшісі Жанкулова Ж.Т
4	Бастауыш сынып бірлестігінің онкүндік қорытындысы(қарашада жоспарланған)		ӘБ жетекшісі Кенжина Б.К.
5	Дарындыбалаларменжұмысдеңгейі		ӘБ жетекшілері
6	Аудандық ,облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы		ОІЖМ

IV отырыс

1	Бақылау жұмыстары нормасының орындалуы(химия, биология, география пәндері)	наурыз	Ержанова БК
2	Озық іс тәжірибені тарату: «Қазақ тілі сабағында қолданылатын рефлексия түрлері»		Аттест өтетін мұғалімдер
3	Жаратылыстану ж/е математикалық пәндер онкүндік қорытындысы		ӘБ жетекшісі Болтабекова Г.К.
4	Онкүндік қорытындысы (наурыз айында өткен д/ш,музыка ,көркем еңбек пәндер аптасы)		ӘБ жетекшісі Болтабекова Г.К.
5	Өзін-өзі тану апталық қорытындысы		ОІЖМ

V отырыс

1	Мұғалімдерді оқу жылының аяқтау туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен таныстыру		ОІЖМ
2	Мектепшілік «Абай оқулары» байқауының өтілуі		ӘБ жетекшісі
3	Аудандық ,облыстық ғылыми жобалар қорытындысы		ОІЖМ
4	Мектеп бітірушілердің дайындау жұмыстарына психологиялық көмек көрсету	мамыр	психолог
5	Оқу жылының қорытындысы бойынша мұғалімдер жұмысының рейтингісін шығару		ОІЖМ
6	ӘБ жетекшілердің есебі		ӘБ жетекшілері
7	Жаңа оқу жылына жұмыс жоспарларының жобалар		ОІЖМ, ӘБ жетекшілері
8	Жас мамандармен жұмыс қорытындысы		тәлімгер

Әдістемелік кеңестің

№1 хаттамасы

15 қыркүйек 2023ж
Қатысқандары:18
Қатыспағандары:жоқ

Күн тәртібінде:

- 1 Өткен оқу жылының әдістемелік жұмысының қорытындысы
- 2 Жаңа оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту
- 3 2023-2024 оқу жылына арналған Ә-нұсқау хатпен мұғалімдерді таныстыру
- 4 Қатаң есептерді құжаттармен жұмыс жасау нұсқаулығын беру(сынып журналдары, табель, актіленген күндер) Б№130,(№472 ,16.09.2021ж. өзгерістер)
- 5 Пән онкүндіктерінің, педокулардың кестелерімен таныстыру
- 6 2023-2024 оқу жылында курстарға баратын кестемен таныстыру
- 7 Педагог қызметкерлер аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарты жалпы ережелермен таныстыру, аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің жоспарларын қарау

Тыңдалды: Әдістемелік кеңес жетекшісі Муралин М.К.өткен оқу жылының әдістемелік жұмысының қорытындысын оқыды.

Мектептегі әдістемелік жұмыс – өзінің ғылыми-теориялық және әдістемелік дайындығы мен кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында мұғалімдердің жүйелі түрде жүргізетін ұжымдық және жеке іс-әрекеттері.

Мектеп мәселерінің басыңқы міндеттерінің бірі-оқушылардың жалпы білім бағдарламаларындағы білім мазмұның міндетті деңгейін игерту, жалпы ғылыми, мәдени дайындығын қалыптастыру, қоғамдық өмірге әлеуметтік жағынан бейімдеу кәсіп еңбек түрін саналы түрде таңдауға танымдық қызығушылықтары мен білім сапасын арттыру бағытында әдістемелік жұмысты жетілдіру. Мектепте 3 әдістемелік бірлестік жұмыс атқарды. Олар бастауыш сынып бірлестігі, жетекшісі Авил Кунай, гуманитарлық бірлестігі, жетекшісі Жанкулова Ж.Т., жаратылыстану –математикалық бірлестік, жетекшісі Болтабекова Г.К. Мектептегі әдістемелік кеңестің жұмысы әдістемелік бірлестік мүшелерімен талқыланды. Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы пән апталықтарын өткізуде ғана көрініп отырды. Оқу ісі меңгерушісімен бірнеше рет әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жұмыстары жүргізілген. Жылдық жұмыс жоспары мен отырыстарында көрсетілген сұрақтар, жұмыстар іс жүзінде, өз уақытында өтілмеуіне байланысты жұмыстарында жүйесіздік байкалып отырды. Осы жоспар бойынша 2 мұғалімкурстардан өтті. Оқу бағдарламасында берілген сағаттар саны толығымен өтті . Әдістемелік бірлестіктерінің жұмыстары мазмұнына қарай жүйелеуді және нақтылауды қажет етеді. Жыл сайын өтетін аудандық пән олимпиадасына мектептен мұғалімдер оқушыларды қатыстарған жоқ.

Шешімі:

- 1.Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы бойынша анықталған ескертулер орындалсын;
- 2.Өткен оқу жылының әдістемелік жұмысы қанағаттанарлық деңгейде деп есептелсін.

Төрайымы: Муралин М.К.
Хатшы: Жанкулова Ж.Т.



Қатысқандары:18,Қатыспағандары:жөк

Күн тәртібі:

- 1 Мектепішілік пән олимпиадасының қорытындысы
- 2 Аудандық пән олимпиадасына баратын оқушылардың дайындығы
- 3 Әдістемелік және пән апталықтарын өткізе отырып, жаңа технологияларды қолдану бағытындағы озат педагогикалық тәжірибені тарату
- 4Бастапқы бақылау жұмысының қорытындысы
- 5 Тіл мерекесін өткізу қорытындысы
- 6 Қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің онкүндік қорытындысы

1).Тыңдалды: ӘБ жетекшілері Жанкулова Ж.Т.,Болтабекова дарынды балалардың жұмысы туралы ақпарат берді.Мектепішілік пән олимпиадасы 6 пән б/ша өткізілді: гуманитарлық бағытта-ағылшын тілі,орыс тілі ,қазақ тілі,Қазақстан тарихы; жар.-матем. бағытта-математика,биология.Бір оқушы бірнеше пән олимпиадасына қатысты.

Шешімі:Мектепішілік пән олимпиаданы негізгі пәндер б/ша өткізу.

2).Тыңдалды: ӘК жетекшісі Муралин М.К..Мектепішілік пән олимпиадасының қорытындысы б/ша аудандық пән олимпиадасына баратын оқушылар анықталған жоқ.Себебі мектепішілік пән олимпиадасын жоғары деңгейде орындаған оқушылар жоқ. Бұл оқушылардың төменгі дайындығының көрсеткіші

Шешімі:аудандық олимпиадаға баратын оқушылардың дайындығын күшейту.

3-сұрақ бойынша ӘК жетекшісі Муралин М.К..жоғары санатты, бірінші санатты, деңгейлік курстарды оқып келген мұғалімдер өз жұмыстарын жинақтап, тарату керектігі айтылды. Бірінші санатқа өтініш берген Жанкулова Ж.Т.аудан көлемінде озық іс-тәжірибені таратуға жоспарлау керектігі айтылды.

Сөйледі: Қоғамдық-гуманитарлық ӘБ жетекшісі Жанкулова Ж.Т.

Әдістемелік кеңесте өз жұмысымды таратсам деп ойлаймын. Әр оқушымен жеке-дара жұмыстары, өздіктерінен орындайтын тапсырмалар, дидактикалық материалдар.

Шешімі:

1.Аудандық білім беру бөлімінен озық іс тәжірибені тарату туралы қолдау хат жіберілісін;

2. Мектеп ішінде оқыту семинарлары, дөңгелеу үстелдер ұйымдастырылсын.

4-сұрақбойынша ӘК жетекшісі Муралин М.К.бастапқы бақылау жұмыстарының қорытындысын оқыды. Қыркүйек айының 15 дейін бастапқы бақылау жұмыстары өтті. Олқылықтарды толтыру үшін білім деңгейі төмен оқушылармен жұмыс жүргізілсін.

Төрайымы:  Муралин М.К..

Хатшы:  Жанкулова Ж.Т.

Әдістемелік кеңестің №3 хаттамасы 15 қаңтар 2024 ж

Қатысқандары: 17 Қатыспағандары: 1

Күн тәртібі:

1. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жетілдіру
2. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша қорытындысы
3. Гуманитарлық пәндер онкүндік қорытындысы
4. Бастауыш сынып бірлестігінің онкүндік қорытындысы (қарашада жоспарланған)
5. Дарынды балалармен жұмыс деңгейі
6. Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы

1. Тыңдалды: ӘБ жетекшілері Жанкулова Ж.Т мен Болтабекова Г.К үлгерімі төмен балалармен жұмыс туралы ақпарат берді. Сондай-ақ үлгерімі төмен оқушылармен жүргізген жеке жұмыстарын таныстырып ақпарат беріп өтті.

Шешімі: Үлгерімі төмен балалармен жиі жеке жұмыстар жүргізу қолға алынсын.

2. Тыңдалды:

1. ӘК жетекшісі Муралин М.К. оқушылардың қатемен жұмыстары туралы ақпарат беріп өтті. Сол қатемен жиі жұмыстардың атқарылуы және жоспар құрылып сол жоспарға сай жүргізілуін айтып кетті.

2. ӘБ жетекшісі Жанкулова Ж.Т гуманитарлық пәндердің онкүндік қорытындысы бойынша есеп беріп өтті. Гуманитарлық апталық жоспарға сай өткізілді. Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері бірлесіп әдеби кеш өткізді. Орыс тілі және әдебиет пәнінен 6-9 сыныптар аралығында сайыстар ұйымдастырылып өтті. Тарих пәнінен тарихи кеш ұйымдастырылып, интеллектуалды сайыстар өткізілді. Әр қоңырауда балаларға көңілді ойындар ұйымдастырылып тәттілер таратылды.

Шешімі:

1. Гуманитарлық пәндер апталығының есебі тапсырылсын.


2. Әр пән мұғалімдеріне қатемен жұмыстарды жүргізуге жоспар құрылуы тапсырылды.

Төрайымы:

Муралин М.К.

Хатшы:

Жанкулова Ж.Т



Әдістемелік кеңестін

№4 хаттамасы 26 наурыз 2024 ж

Қатысқандары: 18

Қатыспағандары:-

Күн тәртібінде:

- 1.Бақылау жұмыстары нормасының орындалуы (химия , биология, география пәндері)
2. Озық іс тәжірибені тарату: «Қазақ тілі сабағында қолданылатын рефлексия түрлері»
- 3.Жаратылыстану және математикалық пәндер онкүндік қорытындысы
- 4.Онкүндік қорытындысы(наурыз айында өткен дене шынықтыру, музыка, көкем еңбек пәндер аптасы)
- 5.Өзін-өзі тану апталық қорытындысы

Тыңдалды:

- 1.ӘБ жетекшілері Балтабекова Г.К үлгерімі төмен балалармен жұмыс туралы ақпарат берді. Сондай-ақ үлгерімі төмен оқушылармен жүргізген жеке жұмыстарын таныстырып ақпарат беріп өтті.
2. ӘК жетекшісі Жанкулова Ж.Т оқушылардың қатемен жұмыстары туралы ақпарат беріп өтті. Сол қатемен жиі жұмыстардың атқарылуы және жоспар құрылып сол жоспарға сай жүргізілуін айтып кетті. Жас мамандардың жұмыстарын мақтап ары қарай жұмыс жасауға көмек қолын созып отыратынын айтып өтті.
- 3.ӘБ жетекшісі Жанкулова Ж.Т гуманитарлық пәндердің онкүндік қорытындысы бойынша есеп беріп өтті. Гуманитарлық апталық жоспарға сай өткізілді. Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері бірлесіп мәнерлеп оқу, виктариналық сұрақтар өткізді. Орыс тілі және әдебиет пәнінен 6-9 сыныптар аралығында сайыстар, әдеби кеш ұйымдастырылды. Тарих пәнінен тарихи кеш ұйымдастырылып, интеллектуалды сайыстар өткізілді. Әр қоңырауда балаларға көңілді ойындар ұйымдастырылып тәттілер таратылды.

Шешімі :

Үлгерімі төмен балалармен жиі жеке жұмыстар жүргізу қолға алынсын.

Әр пән мұғалімдеріне қатемен жұмыстарды жүргізуге жоспар құрылуы тапсырылды. Жоспар бойынша жұмыстың өткізілуін қадағалау

Төрайымы Муралин М.К.

Хатшы: Жанкулова Ж.Т

Әдістемелік кеңестің

№5 хаттамасы 25 мамыр 2024ж.

Қатысқандары: 18 Қатыспағандары: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Мұғалімдерді оқу жылының аяқтау туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен таныстыру.
2. Мектепшілік «Абай оқулары» байқауының өтілуі
3. Аудандық, облыстық ғылыми жобалар қорытындысы
4. Мектеп бітірушілердің дайындау жұмыстарына психологиялық көмек көрсету
5. Оқу жылының қорытындысы бойынша мұғалімдер жұмысының рейтингісін шығару
6. ӘБ жетекшілерінің есебі
7. Жаңа оқу жылына жұмыс жоспарларының жобалар
8. Жас мамандармен жұмыс қорытындысы


1. Тындалды:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Муралин М.К. әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Муралин М.К. сөз алды. Ол 2023-2024 оқу жылындағы өзгерістермен ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен таныстырып өтті. Сондай-ақ әдістемелік жұмыстар бағыты бойынша жасалған жұмыстарға талдау жасады. Мұғалімдердің біліктілік арттыру жұмысының перспективалық жоспарына сәйкес 2023 - 2024 оқу жылында пәндік курстарға барып, өз білімдерін көтеріп қайтқан мұғалімдер саны 4. Курс тақырыптары: «Пән бойынша орта білім мазмұнын жаңарту, іс-әрекеттегі зерттеу», «БЖБ, ГЖБ тапсырмаларын дайындау» тақырыптарында курстан өтті.

жоспары жасалып, бекітілді. Жыл бойында жас мамандармен сұхбат өткізіліп, әдістемелік көмек берілді. Жыл бойында жоспарланған отырыстар өткізілді. Отырыс барысында жас мамандарға жоспарда көрсетілген тақырыптар аясында баяндамалар оқылды, сабақ беретін сыныптарындағы мұғалімдері оқушы бойына қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бағытындағы жұмыстарын жалғастыру; Оқушылар арасында зияткерлік сайыстар, интеллектуалдық ойындар, сыныпаралық спорттық жарыстар көптеп ұйымдастыру.

Шешімі:

1. Әдістемелік жұмысқа жасалған талдау қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Пән бірлестіктердің жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Әдістемелік жұмыстың келесі 2024-2025 оқу жылына міндеттері қойылсын атқару жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы:  Муралин М.К.
Хатшы:  Жанкулова Ж.Т.